Бурабай газеті



# Алғашқы көктем мейрамы – 8 Наурыз

8 Наурыз күні халықаралық әйелдер күні немесе әйелдер құқығын қорғау күні және БҰҰ әлемі бойынша тойланып келеді. Өз тамырымен мейрам ер адамдармен қатар ортада әйел адамның қатысуының көпғасырлық күресі. Алғаш рет халықаралық әйелдер күнін атап өту XX ғасырдың басында пайда болды. Біріккен Ұлттар Ұйымымен 1975 жылы халықаралық әйелдер күні деп жарияланғаннан бастап БҰҰ халықаралық әйелдер күнін 8 наурызда мерекелеуге бастады.



Осы сәтті пайдалана отырып, Бурабай ауданы мемлекеттік мұрағат ұжымының тамаша көркем әйелдерін құттықтағым келеді. Олардың әрқайсысы қиыншылықтарға қарамастан (ал олар әр адамның өмірінде бар) ғажайып сұлу жандар. Олар өте кеңпейілді, әрқашан күлімсіреп кімге болмасын көмекке келуге дайын. Ең бастысы ұжымда жас мөлшерінің айырмашылығы сезілмейді. Өз жұмысын жақсы білетін, өмірдің ұстаздары мекеменің аға буыны, олар қадірлі әйелдер мен асыл әжелер – **Д.Б.Нұртазина, Л.М.Логаненко, Л.Г.Сальнева.** Еңбек ұжымында көңілді, екпінді жастар қатары да жоқ емес. **О.В.Иванова, Б.Е.Адамбаева, Ж.Б.Құлмағамбетова, Ә.М.Жексенова, А.А.Құсайынова, С.Б.Хамидуллина** – бұл қыз-келіншектерді мемлекеттік мұрағаттың гүл шоқтары десе де орынды. Олардың әрқайсысы жұмысын жақсы білетін мұрағатшы ғана болып қоймай, сонымен қатар тамаша отанасы, сүйікті жар.

Өзім және біздің басшымыз **Мейрам Әшкенұлы Шәкиевтің** атынан халықаралық әйелдер күнімен ауданның мемлекеттік мұрағатының аруларын құттықтағым келеді.

Сіздерді көктемнің алғашқы шуақты мерекесі әйелдердің халықаралық күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Күндей құлпырып, гүлдей жайнап, өмірдің көркі болып жүре беріңіздер! Келе жатқан ақ жаулықты әжелер, асыл аналар, сұлу әйелдер, ару қыздардың салтанатты мерекесі құтты болсын!

**Ж. ҚҰЛМАҒАМБЕТОВА**

# Ұлыстың ұлы күні - Наурыз

20/16 ж. Бурабай 20 наурыз

Жүректер жылуын таратқан көктемнің бақыт сыйы Наурыз көп ұлтты еліміздің бірлесе тойлайтын-достық мерекесі. Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Табиғат, Жер-Ана, жан-жануар да түлейді, жаңарады. Адамзаттың бойында қан жүгіріп, тал теректер бүршік жарады. Қазақтың сайын даласын Қызыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Ұлы даланың төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды-жасылды кілем төселеді.

Қазақстанда ресми түрде Наурыз 1988 жылдан бастап тойланып келеді. Парсы тілінде «нау» - «жаңа», «руз» - «күн» деген ұғымдарды білдіреді. Бұл күні үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ерткүнге дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл - тоқшылықтың белгісі.

Ұлыс - жақсы тілектер күні. Араздасқандар төс қағысып, татуласады. Қазақ халқы бұл мерекені тойлауда аса көп мән берген. Дәстүр бойынша жеті түрлі дәмнен Наурыз көже дайындалып, айтыс өткізіледі. Мереке қызған кезде жастар алтыбақан жанында ұлттық ойындар ойнайды. «Көкпар», «Бәйгә», «Қыз қуу», «Жамбы ату» және тағы да басқа қызықты ойындары аса бір қуанышпен өтеді.

Барша Қазақстандықтарды және Бурабай ауданы мемлекеттік мұрағатының ұжымын Наурыз мерекесімен құттықтап, көктем жылуы мен өмір қуанышын, амандық пен жақсылық тілеймін!

*Өлкеме Наурыз келді, көктем келді,*
*Құлпырып гүлге орап көк пен жерді.*
*Халқымның салт-дәстүрлерін аялаған,*
*Арманы асқақтады көптен бергі.*

Ынтымағы жарасқан көп ұлтты еліміздің осы бірлігін құдай ұзағынан сүйіндіргей! Әрбір шаңыраққа қадыр дарып, бақ қонсын! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын, ағайын!

**С. ХАМИДУЛЛИНА, мұрағатшы**